

Бисембиева Ж. К.¹ , Сабирава Р.К.² * , Тажиденова А.Р.² , Бисалиева Ш.С.² ¹ Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы,² Х. Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, Атырау қ., 060000 Қазақстан Республикасы*e-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮЙЕЛІК ШАРАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның Батыс өңірі бойынша адами капиталдың сапасын арттырудағы жүзеге асырылатын шаралардың тиімді стратегиялық бағыттары мен оны іске асыру тетіктері зерттеліп, тұжырымдар ұсынылады. Негізгі мақсат - Қазақстанның Батыс өңірі бойынша әлеуметтік – экономикалық даму және нақты өсу әлеуетімен өзара байланысына назар аудара отырып, адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған жүйелі шаралардың қолдану ерекшеліктері мен тиімділігін анықтау. Зерттеу мақсатына сәйкес экономикалық дамудың ресурсы ретінде адам капиталының тұжырымын қолданудың маңыздылығын айқындау. Бұл адам ресурстарының әлеуетін қалыптастыру жағдайындағы маңызды жүйелі шаралардың негізгі бағыттарын талдай отырып, нақты болжамдық шаралардың жүйесін көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу мәселесі – Қазақстанның Батыс аймағының өңірлері бойынша (Атырау, Маңғыстау, БҚО және Ақтөбе облыстары аймағында) адами капиталдың сапасын арттырудағы жүйелі шаралардың әлеуметтік – экономикалық дамуды қамтамасыз етудегі ролін анықтау және өңірлердің тұрақты даму талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін талдау.

Адами капиталдың сапасын арттыру - бұл әлеуметтік қабілеттіліктерді нығайту және экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында адамдарға неғұрлым ауқымды және тиімді түрде жедел жүзеге асыру үшін жәрдемдесуге арналған бағыт. Осы орайда мақалада көрсетілген стратегиялық басымдықтар Қазақстанның Батыс өңіріндегі адами капиталдың сапасын арттыру бойынша жүйеленген шаралардың ауқымын біріктіреді. Мақалада Қазақстанның Батыс аймағы өңірлер бойынша адам капиталы тұжырымдамасының жағдайы мен даму әлеуеті бойынша SWOT-талдау жүргізіліп, осы талдау нәтижесі бойынша басымдықтар анықталды. Талдау жүргізу арқылы зерттеу аймақтарындағы инновациялық жүйелерді қалыптастыру мүмкіндіктерін жүзеге асыру ұсынылады. Мақаланы әзірлеу кезеңінде адами капиталдың қалыптасу факторларының жай – күйі үш негізгі нақты бағыттар бойынша талданып көрсетілді: білім беру саласы, денсаулық сақтау саласы және әлеуметтік даму салалары. Аталған салалар бойынша стратегиялық бағыттарының негізгі көрініс тауып отырған нақты қадамдары айқындалды. Мақала негізінен теориялық сипатқа ие, алайда ұсынылған мәселенің практикалық аспектілерін де қарастырады.

Негізгі сөздер: адами капитал, еңбек ресурстары, тұжырым, инновация, микродеңгей, SWOT – талдау

Кіріспе

Ел басшысының Қ.Ж. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына Жолдауында келтіргендей, ел экономикасы әлемдік нарықтың мүлде жаңа ахуалына дайын болуы керек. Әртараптандырылған және технологияға негізделген экономика құру – жай қажеттілік қана еместігі екендігі анық көрсетілген. Осыған сәйкес кез келген қоғамның жаңа даму сатысында адами капиталдың сапасының критериялары да маңызды өзгеріске ұшырайтындығы анық [1].

Экономикалық дамудың факторы ретінде адами капитал тұжырымын пайдаланудың негізгі мәні - капитал және еңбек факторларымен қатар қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру мен экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін маңызды әсер ететін жағдай екендігін айқын көрсетуге болады.

Сондықтан, адам ресурстарының әлеуетін қалыптастыру мен оның экономикадағы көрінісі ретінде, яғни адами капитал өз кезегінде мемлекеттік басқару жүйесіне тиімді түрде енуі қажет екендігі туралы ой туындайды. Бұл үдеріс мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын жоспарлау кезеңінен бастап макро деңгейдегі, оның ішінде жеке сала, салалық кешендер, бүкіл ел бойынша, сонымен бірге мезо деңгейде (аймақтар, субаймақтар бойынша) және де микро деңгейде де (кәсіпорындар және ұйымдар бойынша) басқаруға дейінгі кезеңдерді қамтуы тиіс. Мақаланың зерттеу объектісі – Қазақстанның Батыс аймақтары бойынша адами капиталдың сапасын жоғарлатуға бағытталған шаралардың тиімділігі (денсаулық сақтау және білім беру саласы).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мәселенің зерттеу әдістерін таңдау зерттеу тақырыбының мақсатына негізделген, оның ішінде Қазақстанның Батыс өңіріндегі адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған жүйелік шаралардың іске асырылуы бойынша ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Зерттеу бағыты қолданбалы сипатта жүргізілгендіктен және әлеуметтік – экономикалық даму факторларының сипатымен қатар қарастырылғандықтан экономикалық зерттеулердің теориялық және эмпирикалық әдістерінің кешені пайдаланылды.

Анықталған зерттеу мақсатына сәйкес негізгі талдау әдістері ретінде мыналар қолданылды: жүйелік, салыстырмалы, экономика – статистикалық, бағдарламалық және нормативтік құжаттарды контент талдау әдістері.

Зерттеу материалдарының ақпараттық негіздемесі болып мыналар табылады: ҚР Ұлттық Статистика бюросының ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Статистика комитетінің статистикалық деректері, ҚР Батыс өңіріне қарасты аумақтар бойынша өңірлік есептері, стратегиялық - бағдарламалық құжаттар және әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламалары, мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардың (ЮНЕСКО, Дүниежүзілік банк, UNDP) құжаттары негізінде талданған.

Көрсетілген әдістер мен ақпарат көздерін таңдау Қазақстанның Батыс аймағындағы адами капиталды сапасын арттыру бойынша ағымдық жай – күйін объективті бағалау, осы аймақтар бойынша жүзеге асырылып жатқан жүйелі шаралар жиынтығының ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Зерттеу әдістері нақты даму контекстінде зерттеу аймақтарындағы адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған шараларды оңтайландыру жөніндегі ұсынымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Адами капиталдың тұжырымдамасын дамытуға стратегиялық көзқарасты қалыптастыру жөніндегі мәселелер Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі аясында 2014 жылдан бастап ресми деңгейде қаралғанын атап өтуге болады [2].

Мемлекет бойынша 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімге арналған даму стратегиясында анықталған негізгі стратегиялық бағыттың ішінде алғашқы орында тұрған мақсат – адамның инновациялық тұрғыда дамуы үшін негізгі қозғаушы фактор ретінде адам капиталының дамуы болды. Мұнда әсіресе білім беру, денсаулық сақтау, халықтың әл-ауқаты мен әлеуметтік қамтамасыз ету салаларында дамыған елдердің деңгейіне жету көзделген еді.

Осыған сәйкес, білім сапасын жоғарлату және дамыту арқылы жоғары білікті еңбек күшін қалыптастырудың және сол арқылы, қоғамдық еңбек өнімділігінің деңгейін жоғарлатудың маңыздылығы түсіндіріледі. Бұл орайда, Қазақстанның білім беру жүйесін жаңа қалыптасқан даму факторларына сәйкес жаңғырту қажеттілігі қалыптасады. Оның ішінде, 2030 жылға қарай 6 жасқа дейінгі балаларды сапалы мектепке дейінгі біліммен толық қамтамасыз ету, PISA, TIMSS сияқты халықаралық мектептерінің сапасын бағалау индекстерінде және еліміздің жетекші университеттерін әлемнің үздік 100 университеті қатарына енгізу көзделген болатын. Қазіргі кезеңде еліміздің дамуындағы тәуелсіздік жылдары аралығында Қазақстанның экономикалық табыстарының басым бөлігі шикізат салаларының басымдылықпен дамуы арқылы жүзеге асырылғандығын ескеретін болсақ, 2009 жылдан кейінгі жылдар аралығы экономикалық өсу қарқынының баяулау екендігіне байқатады. Бұл әлемдік нарықта шикізат құнының төмендеуі салдарына байланысты болды. Бұның салдары адами капиталдың ішкі ұлттық экономикаға салынған үлес салмағы үнемі төмендеуіне әкеліп, елдегі жоғары қосылған құнды өнімдерді өндіру мүмкіндігі шектеле бастады [3].

Дүниежүзілік банк мәліметтері бойынша Қазақстанда 2010 және 2020 жылдарындағы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде адами капиталдың даму индекстің жалпы көрсеткіші 0,4 пунктке ұлғайып, барлық компонент бойынша ел көрсеткіштерінің жақсарғаны байқалған. Бірақ Қазақстандағы ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда даму көрсеткіштері барлық жағынан жоғары емес. Пандемияға дейін Қазақстан аймақтары үшін тәуелсіздік жылдарынан бергі аралықтағы әлеуметтік – экономикалық даму жағдайындағы адам капиталының индексі бойынша жоғарлау нәтижелер көрсеткен еді. 2020 жылы пандемияның теріс әсерінен адам

капиталының индексі 1,3 есеге төмендеп, 0,63 болған. Нақты ақпараттық мәліметтерге сүйенсек, елдің 2020 жылғы адам капиталы индексі ЭЫДҰ-ға мүше елдер бойынша 74%-ға тең, орташа көрсеткішпен салыстырмалы негізде қарасақ бұл көрсеткіш бала әлеуеті бойынша адам капиталының тек 63%-ына жететінін көрсететіндігі анықталған. Бұның өзі адам капиталының шамамен 40%-ға дейін жоғалтуды айқындайды. Нақты айтқанда бүгінде дүниеге келген бала толық, сапалы білім мен денсаулықпен қамтамасыз етілген болса ғана, 63% шамасына дейін өнімді болатындығын көрсетеді [4].

Еліміздегі адам капиталының нашарлауының негізгі факторлары – білім беру, денсаулық сақтау және еңбек нарығы жүйелерінің эпидемиялық әсер ету факторларына дайын емес екен. Мұны жоғарыда айтылған Covid-19 пандемиясы айқын көрсетті. Бұнымен бірге аймақтық деңгейдегі жүйелі проблемалардың орын алуы бойынша – өңірлік сәйкессіздіктер бар екендігі анықталып отыр. Елде білім беру мен денсаулық сақтау салалары бойынша сапасының алшақтығы аймақтар арасында, әсіресе қала мен ауыл арасында жоғары. Жалпы, Қазақстан бойынша даму индексінің көрсеткіші – 0,63-ке тең. Бұл ретте табиғи ресурстарға бай кен орындары бар Батыс аймағы өңірлерінде Атырау және Маңғыстау облыстары аз қамтамасыз етілген өңірлерге қарағанда адам капиталы бойынша төмен көрсеткіштерге ие екендігі анықталған [5].

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мамандарының пікірінше, бұл қазіргі шақта дүниеге келген нәрестенің болашақтағы еңбек өнімділігі қазіргі күтілетін деңгейден 37%-ға төмен болатынын білдіреді [6].

Бұл мәселені қазақстандық және шетелдік сарапшылар да растады. 2021 жылғы сәуір айында Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі мен Дүниежүзілік банк ұйымдастырған дөңгелек үстел барысында Дүниежүзілік банк мамандары пандемияның Қазақстандағы адам капиталының дамуына теріс әсер еткенін және бұл өңірлердегі теңсіздікті арттырып, халықтың денсаулығына кері әсерін тигізгенін атап өтті.

Әлемдік дамыған елдерде адам капиталы ұлттық байлықтың 70-90%-ын құраса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 40%-дан сәл ғана жоғары [7].

Дүниежүзілік банк баяндамасында өңірлер, жыныс және әлеуметтік мәртебе тұрғысынан Қазақстандағы адам капиталының дамуы бойынша айтарлықтай теңсіздік байқалатыны айтылды. Мысалы, ең бай 20% отбасыларында туған балалар өздерінің еңбек потенциалының 64%-ына қол жеткізу мүмкіндігіне ие болса, ең аз табыс табатын отбасыларында туған балалар бұл көрсеткіштің 53%-ынан аспайды.

2022 жылдың ақпанындағы жағдай бойынша 83 табысы әртүрлі елдер Дүниежүзілік банк тобының қолдауымен адами капиталды дамыту нәтижелерін түбегейлі жақсартуға мүмкіндік беретін стратегиялық тәсілдерді шығару алға қойылған [8].

Сонымен бірге Мемлекет басшысының нақты атап өткен стратегиялық бағыттардың бірі - сапалы білім беру жүйесіне қоса алғанда, мемлекет қаражаты есебінен балаларды оқытуға бөлінетін қаражатты жинақтайтын жеке білім беру ваучерлерін енгізу. Бұл маңызды жүйелі фактор ретінде бастама білім беру саласында сапалы орта қалыптастыру үшін тиімді құрал бола алады. Мемлекеттік қолдау шараларын кадрларды даярлау және кәсіби біліктілігін арттыру жүйесін белсендіру туралы соңғы уақытта Қазақстанның жоғары басшылығы жиі айтуда. Мысалы, 2021 жылдың қаңтар айында ҚР Парламенті VII шақырылымының бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы тиісті ұлттық жобаны әзірлеуді тапсырған болатын.

Сондай-ақ, 2023 жылғы 15 шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекет басшысы білім беру саласының дамуына ерекше назар аударды, бұл салада шешілмеген проблемалық мәселелердің көп екенін атап өтілді. Еліміздің жартысынан астам халқы ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, ауыл мектептерінде білім беру сапасының әлі де жоғарлатуды қажет ететіндегі, және сол арқылы отандық жастардың жалпы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай жоғары деңгейге жеткізуге баса мән беріледі [9].

Өз кезегінде отандық сарапшылар А. Киреева, А. Кредина, Г. Ныгметов және К. Нургалиева 1961-2023 жылдар аралығында әлемдік ғылыми мерзімді басылымдарда

жарияланған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай отырып, бүгінгі күні білімге қолжетімділік мәселесінің әлемде әлі де маңызды проблема болып қалатынын атап өтті. Үкіметтің білім беру жүйесін жақсарту жөніндегі күш-жігеріне қарамастан, барлық әлеуметтік топтар үшін білім беру ресурстарына қолжетімділікті арттыру үшін әлі де көптеген күш-жігерді жұмсау қажет екендігі айқындалып отыр. Бұл мәселелердің шешімі кадрларды даярлау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды дамыту мен мемлекет, бизнес және білім беру мекемелері арасындағы серіктестікті, білім беру инфрақұрылымын жетілдіруді талап етеді [10].

Ұлттық инновациялық жүйені құру мен тиімді пайдалану жүзеге асырылған жағдайда әртараптандыру процестері «ұзақ мерзімді» режимде жүзеге асатынына күмән жоқ. Қазақстанда ғылымның маңыздылығын арттырмай және мемлекеттік қолдау көрсетпей, Ұлттық инновациялық жүйе құру мүмкін болмайды.

Осыған байланысты, біз жүргізген SWOT-талдау шеңберінде Батыс Қазақстан өңірлерінде инновациялық жүйелерді қалыптастыру мүмкіндіктерін жүзеге асыруды ұсындық.

Сапалы адам капиталының дамуын жүйелі негізде дамыту стратегиясын әзірлеу қазіргі уақытта өте маңызды әрі шұғыл міндет болып табылады, өйткені бұл экономикадағы айтарлықтай және тұрақты өсуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Жүйелі шараларды әзірлеу үшін ең алдымен адам капиталы тұжырымдамасын дамытуға стратегиялық көзқарас қажет. Осы мақсатта және зерттеудің объектісі ретінде қарастырылған - Қазақстанның Батыс өңіріндегі адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған шаралар желісін нақтырақ зерттеу үшін SWOT-талдау жүргізілді.

Кесте 1 - Батыс Қазақстан аймақтарындағы адам капиталы тұжырымының жағдайы мен даму әлеуеті бойынша SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- Мамандандырудың жоғары рентабельді салалары – мұнай-газ, химия, тау-кен өнеркәсібі үшін машиналар мен жабдықтар өндірісі; - Кадрлық әлеуетті қалыптастыру факторларын айқындайтын салаларды дамытуға мемлекеттік шығындардың жоғары деңгейі; - Адами капиталдың қалыптасу факторларының жай – күйін жақсарту мақсатындағы шаралардың үздіксіз жүзеге асырылуы және қайта жаңартулар: 1) Білім беру саласындағы өңірлік еңбек нарығының сұранысы бойынша сандық және сапалық жағынан сәйкестендіру бағытында шаралар қабылдануы, өңірлік деңгейде білім, ғылым және өндірісті интеграциялау әлеуетін дамуы. 2) Денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалық тәсілінің тетіктері мен құралдарын өңірлік деңгейде іске асыру, цифрлық технологияларды енгізілуі, әлеуметтік осал топтарын тегін медициналық көмекпен қолдау стандарттарының қолданысқа ие болуы. 3) Әлеуметтік даму. Жан басына шаққандағы ақшалай табыстың Қазақстан бойынша орташа деңгейден жоғары деңгейі, атаулы әлеуметтік қолдау саясатын жүзеге асырудағы тұрақтылық.	- Қазақстанның Батыс аймағы өңірлерінде кәсіпқой кадрларды даярлау жүйесін көбіне мұнай-газ және химия өндірісі, тау-кен өнеркәсібінің басқа да салаларының қажеттіліктеріне мақсатты бағдарлау; - ЖОО сертификаттаудың халықаралық жүйесінде Батыс Қазақстан субаймағындағы университеттердің төмен рейтингтері. - Ғылыми қоғамдастық пен жергілікті университеттердің өзара әрекеттестігінің жеткіліксіз деңгейі және сәйкесінше университеттердегі ғылыми зертханалардың нашар жабдықталуының жеткіліксіз деңгейі. - Академиялық ұтқырлық пен халықаралық ынтымақтастықты дамыту деңгейінің жеткіліксіздігі.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- Индустриалды-инновациялық негізде өндіріс секторын жедел әртараптандыру, - Адами капиталды қалыптастыру факторларын «тартқызу» бойынша шаралар қабылдау:	Дүниежүзілік тауар нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныс конъюнктурасының болжамсыздығы жұмысбастылық пен халықтың өмір сүру деңгейіне, сондай-ақ адам

- мемлекеттік-жекеменшік әріптестік әлеуетін белсенді пайдалану; - адами капиталды қалыптастыру факторларын белсендіру бойынша бірлескен кластық аймақаралық жобаларды әзірлеу. • ғылым, білім және өндірістің интеграциялық өзара әрекеттесуін нығайту. • адам ресурстарының әлеуетін қалыптастыратын факторлардың даму жағдайына тиімді мониторингті жүзеге асыру және оларды адами капитал түрінде іске асыру.	капиталының сапасының өсуіне қолайсыз жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі • аймақтардың экономикаларын әртараптандыру деңгейлеріндегі өсу алшақтығы. • Ұзақ мерзімді перспективада мамандандырылған салаларды дамытудың ресурстық базасын қысқарту жағдайында адам капиталы тұжырымдамасының әлеуетін ынталандырудың жеткіліксіздігі
Ескерту: Қазақстанның Батыс аймақтары бойынша статистикалық мәліметтерін, ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтерін пайдалану негізінде зерттеу авторларымен құрастырылған.	

Кесте 1 –де көрсетілген талдау көрсеткіштері ұзақ мерзімді даму стратегиясы мен оны жүзеге асыруға арналған мемлекеттік шараларды әзірлеу үшін пайдалануға ұсынылады.


Батыс Қазақстан аймақтарындағы адам капиталы тұжырымының жағдайы мен даму әлеуеті бойынша талдау нәтижесіне көңіл аудара келіп, келесі факторлардың анықтығы байқалды:

- Мамандандырудың жоғары рентабельді салалары әсері бойынша Ақтөбе және Маңғыстау облысы аймақтары бойынша өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінде 61%-дан 93%-ға дейінгі аралықта құрап отыр;

- Салаларды дамытуға мемлекеттік шығындардың орташа жан басына шаққандағы деңгейлері 2023 жылы бұл көрсеткіш Ақтөбе облысында – 310, Атырауда – 271, БҚО – 319,3 және Маңғыстауда – 336 мың теңгені құраған;

- Жан басына шаққандағы ақшалай табыстың Қазақстан бойынша орташа деңгейі 2023 жылы бұл көрсеткіш Ақтөбе облысында – 178,9 мың теңге, Атырау облысында – 353,1, Батыс Қазақстан облысында – 189,7 және Маңғыстау облысында – 283,7 мың теңге, республикалық орташа көрсеткіш 169,8 мың теңге болды. Бұл ретте 2022 жылмен салыстырғанда өсім Батыс Қазақстан облысында 16,4%-дан Маңғыстау облысында 35,7%-ға дейін құраған [11].

2024 жылдағы Қазақстанның Батыс өңірі бойынша (Ақтөбе, Атырау, БҚО және Маңғыстау облыстары) денсаулық сақтау саласындағы денсаулық сақтау ұйымдарындағы ағымдық табыстары мен қаржыландыру шығыстарының салыстырмалы түрде диаграмма-1 суретінен көруге бойлады.




Сурет 1 - Денсаулық сақтау саласындағы табыстар мен шығыстардың өңірлер бойынша салыстырмалы көрсеткіші (мың. теңге)

Ескерту: 2024 жылдағы ҚР халықты әлеуметтік қызмет көрсету және денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы – шаруашылық жұмыстары. ҚР Ұлттық Статистика Бюросы ақпараттық базасы.

Салыстырмалы талдау нәтижесі денсаулық сақтау саласы бойынша ең көп мөлшерде қаржыландырылатын аймақ Ақтөбе облысы екендігі анық байқалады. Атырау облысы бойынша қаржыландыру мардымсыз, және БҚО және Маңғыстау облыстарында орташа деңгейде қаржыландыру жүзеге асырылатындығын көрсетті.

Білім беру және кадрларды даярлау саласында көрсетілген аймақтар бойынша жалпы мемлекеттік бағдарламалық шаралар жүзеге асырылуда, оның ішінде стипендия мөлшерін ұлғайту, жергілікті гранттардың бөлінуіне басты назар аудару, жеке секторлардың дамуына үлес қосу мәселелері. Мәселен Ақтөбе облысы бойынша Heriot-Watt университетімен біріккен негізде халықаралық жобаны енгізу тәжірибесі қоладыңса ие болуда.

Білім беру саласы бойынша Қазақстанның Батыс өңірлері аймақтары бойынша табыстар мен шығыстар құрылымының келесі салыстырмалы көрсеткіштерін анықтауға болады.



Сурет 2 - Қазақстанның Батыс өңірлері аймақтары бойынша табыстар мен шығыстар құрылымы, 2024 ж.

Ескерту: ҚР білім беру ұйымдарының қаржы – шаруашылық қызметтерінің есептері. ҚР Ұлттық Статистика Бюросы.

Сурет 2-де көрсетілген мәліметтер бойынша Қазақстанның Батыс аймағы өңірлерінің экономикасы айтарлықтай толыққан және адам ресурстарының әлеуетін дамытудағы теңсіздікті байқауға.

Әлемдік және ұлттық сарапшылар пікірінше, адам капиталының әлеуетін қалыптастыру мен оны жүзеге асыру үрдістері елдің экономикалық трансформациясын қолдауға негіз болады.

Қазіргі уақытта біз осы факторларды ескере отырып, Батыс Қазақстан өңірлеріндегі адам капиталының даму жағдайын SWOT-талдау негізінде егжей-тегжейлі қарастыруды ұсынамыз. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру жүйесінің еңбек нарығының талаптарына бейімделуінің маңызы зор.

Біздің пікірімізше, білім беру жүйесінің еңбек нарығының басым талаптарына бағытталуы ерекше маңызды орын алады. Бұның өзі Қазақстанда еңбек нарығының сұранысы арқылы туындайтын қажеттіліктерді ескере отырып, қазіргі кезде кадрлар даярлау жүйесінің ұйымдастырушылық негіздерінің тиімділігін арттыруға және сапалы кадрлар даярлау саласындағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатуға әсерін тигізеді. Мысалға, Атырау облысының халық саны (600 мыңнан астам адам) және үлесі халықтың жас құрылымындағы

жастар (35%), жастар арасындағы еңбек нарығындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейі айқындалады. Экономикалық факторлар аймақтық жастар еңбек нарығына үлкен әсер етеді. Өңірдің экономикалық дамуы, инвестициялық тартымдылығы, өңірдегі қосымша бизнес-мүмкіндіктер білікті жұмыс күшіне жалпы және қосымша қажеттілікті айқындайды. Халықтың білім деңгейі аймақтық жастар еңбек нарығының жағдайына өте үлкен әсер етеді. Дамыған инфрақұрылым аймақтың тартымдылығына, демек, халық санына әсер етеді. Атырау облысы - Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік өңірі, ол еңбек нарығымен, дамыған инфрақұрылымымен ерекшеленеді, бұл отбасын құруға, балалардың тууына ықпал етеді, жастарды тартады [12].

Сарапшылар қауымдастығының пікірінше, отандық адам капиталының сақталуы мен артуы мәселелері Қазақстан үшін өзекті болып табылады, себебі бұл мәселе бірнеше жылдар бойы шешілмей келе жатқан жағдайды білдіреді. Бұның негізгі мысалы отандық мектеп түлектерінің шетелдік жоғары оқу орындарын таңдау басты факторлардың бірі болып табылуда.

Осындай теріс тенденцияларды жою және отандық кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қазақстандық сарапшылар адам капиталының сапасын қалыптастыру үшін кешенді тәсілді ұстануды ұсынады. Бұл ретте негізгі назар мынадай мәселелерге аударылуы тиіс:

- Адами капиталдың дамуы – экономикалық өсудің негізін қалайтын фактор ;
- Адами капиталға салынған инвестиция: болашақта жеке тұлғалар үшін жоғары табыстылықтың негізгі көзі;
- Адами капиталды дамытуға салынған инвестиция – қоғамның дамуы үшін ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік тиімділік болып есептеледі [13], [14].

Қазақстанда 2003 жылы экономиканың шикізаттық сипатын жеңу үшін индустриалды-инновациялық база негізінде әртараптандыру саясаты қабылданғаннан бері бірнеше диверсификациялық мемлекеттік бағдарламалар іске асырылды. Алайда, өндеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілетті салаларын дамыту бағытында айтарлықтай ілгерілеушілік байқалмайды.

Біздің пікірімізше, негізгі себеп - қазіргі уақытта әлемнің технологиялық тұрғыдан дамыған елдерінде табысты жүзеге асырылған маңызды құрал, яғни Ұлттық инновациялық жүйенің (ҰИЖ) әлі күнге дейін қалыптаспағандығында. Бұл құрал ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТКЖ) нәтижелерін тікелей өндіріс саласына енгізуді анықтайды.

Зерттеудің жүргізілген желісіне сәйкес, адами капиталдың сапалы түрде қалыптасу процестеріне стратегиялық көзқарас миссиясы негізгі әлеуметтік салалары кешенінен, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік даму және басқа да салалардың кешенін басқаруда жүйелілікке баса негізделген болуы тиіс. Бұл салалардың адам капиталы тұжырымын дамытудағы басымдықтары жоғары екендігі басты назарда ұсталу керектігін түсінуден туындайды.

Бұған дейін жасалған әлемдік зерттеу қорытындыларында зерттеулері адами капиталды дамытудың іске асырылған тиімді бағдарламалар мемлекеттік қызметкерлердің де, білім алушылардың да еңбек өнімділігі мен оқу үлгерімдерінің деңгейіне айтарлықтай оң әсер еткендігі айтылған [15].

Бұл маңызды миссияны іске асыру үшін біз адами капитал сапасын жетілдіру қызметінің келесі стратегиялық бағыттарын дамытуды орынды деп санаймыз.

Стратегиялық бағыт 1 – Батыс Қазақстан өңірлерінің экономикаларын индустриалды-инновациялық негізде әртараптандыру саясатын жүзеге асыру барысында адам капиталы тұжырымын қалыптастыру және дамыту жүйесінің бейімделу қасиеттерін күшейту.

Бұл негізгі стратегиялық бағыт барлық салалық кешендерге, адам капиталының қалыптасуының негізгі факторларын анықтайтын білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік даму салаларына қатысты белгілі бір жүйелік талаптарды жүктейді.

Стратегиялық бағыт 2 – Білім беру жүйесін және кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру, сапалы білім «балабақша - мектеп - ТЖКБ - ЖОО» тізбегіндегі барлық кезеңдер бойынша, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі қайта даярлау және біліктілікті арттыру жүйесін қамтиды.

Мәселен, Атырау облысында білім беру факторының еңбек өнімділігін арттыруға қосқан үлесі Ақтөбе облысына қарағанда төмен (тиісінше 0,26% және 0,33%), ал Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында бұл үлес тіпті теріс мәнге ие (-1,406% және -0,016%), бұл тек білім беру саласының қаржыландыруының жеткіліксіздігін ғана емес, сонымен қатар осы өңірлерде білім беру жүйесінің дамуында ішкі диспропорциялардың бар екендігін көрсетеді.

Стратегиялық бағыт 3 – Батыс Қазақстан субаймақтарының халқын сапалы және қолжетімді медициналық қызметтермен қамтуға бағытталған денсаулық сақтау жүйесін дамыту;

Қайтадан біздің тарапымыздан адам капиталының қалыптасу факторларының тиімділігін бағалауға жүргізілген талдауға сүйенсек, атап айтқанда, Атырау облысында денсаулық сақтау факторының еңбек өнімділігін арттыруға теріс ықпалы байқалады (-0,116%) және Маңғыстау облысында да теріс ықпал (-0,143%) тіркелген, бұл ретте денсаулық сақтау саласына шығындардың 1%-ға өсуі байқалады.


Цифрлық технологиялар қазірдің өзінде Қазақстанда осы міндеттерді шешуге көмек көрсетуде, және олардың қолданылу ауқымы өсуде: 2019 жылы олардың көлемі шамамен 188 млрд. долларды құраса, 2025 жылдың аяғына қарай болжам бойынша денсаулық сақтау саласын дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарға сәйкес, бұл көрсеткіш екі есе артатын болады [16].

Стратегиялық бағыт 4 – Батыс Қазақстан өңірлерінің халқының әл-ауқатын тұрақты арттыру.

Айта кету керек, халықтың әл-ауқатын жақсарту және өмір деңгейін көтеру мәселелері түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарда үнемі көтеріліп, орта- және ұзақ мерзімді перспективаға қойылды. Алайда, біздің пікірімізше, бұл міндеттер жыл сайын жаңартылған нұсқалар түрінде Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдауларында қойылып, жалпы түрде толық көлемде орындалмаған, өйткені олар Қазақстанның экономикалық әлеуетінің даму жағдайларына сәйкес келмеген.

Стратегиялық бағыт 5 – Интеллектуалды факторды сапалы қалыптастыру үдерістерін анықтайтын салалар мен қызмет түрлеріне шетелдік инвестициялар тартуға арналған қолайлы инвестициялық ахуалды жасау, сондай-ақ осы мәселелерді шешуге бизнес қауымдастығының кең ауқымды қатысуын ынталандыру мақсатында мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі қағидаттарына негізделген ынталандырулар жасау.

Бұған дейін біз әлеуметтік салалардың қаржыландыруының өзгермелі мәселесін көтерген болатынбыз, бұл салалар мен қызмет түрлеріне инвестициялар, адам капиталының сапалы дамуына маңызды рөл атқаратын салаларда әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанның білім беру жүйесіне бюджеттен бөлінген инвестицияның ЖІӨ-ге қатынасы 0,22%, ал денсаулық сақтау жүйесіне – 0,27% болды.



Сурет 3 – Мемлекеттік басқару жүйесінде сапалы адам капиталының қалыптасу процестері
Ескерту: зерттеу авторлармен құрастырылған

Мемлекет тарапынан сапалы адам әлеуетін қалыптастыру факторларын белсендіру бойынша шаралар қабылданып жатқан жоқ деп айтуға болмайды. Мысалы, 2019 жылдан бастап жүзеге асып келе жатқан Қазақстанның 2025 жылға дейінгі даму Ұлттық жоспары аясында адам әлеуетін қалыптастыру мен дамытуды жандандыру үшін жалпыұлттық басымдықтар айқындалды:

- Әділ әлеуметтік саясат, оның мақсаты халықты өнімді еңбекпен қамту, әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылар бойынша барлық міндеттемелерді орындау және отбасыларды қолдауға бағытталған;

- Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі, денсаулықты жақсарту, қолдау және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін тұрақты денсаулық сақтау жүйесінің дамуын көздейді;

- Сапалы білім беру, бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық жүйесін модернизациялау бағытына сай, Индустрия 4.0 стратегиясы аясында ғылыми-инновациялық фактордың ұлғаюын ескере отырып іске асырылуы тиіс.

Сурет 3 арқылы зерттеу барысында айқындалған стратегиялық бағыттарды сапалы адам капиталының қалыптасу процестерін басқарудағы өзара байланыста ғылыми негізделген тәсіл ретінде қарастыруға болатынын пайымдаймыз (сурет 3).

Қарастырылған салыстырмалы зерттеу көрсеткіштері мен ұсынылған стратегиялық бағыттарды саралай келе, келесі орындау тетіктерін көрсетуге болады.

Кесте 2 - Адами капитал сапасын жетілдіруге бойынша ұсынылған стратегиялық бағыттарды орындау тетіктері

Стратегиялық бағыт	Орындау тетіктері
Батыс Қазақстан өңірлерінің экономикаларын индустриалды-инновациялық негізде әртараптандыру саясатын жүзеге асыру барысында адам капиталы тұжырымын қалыптастыру және	- Өңірлік кадрлық қажеттіліктер картасын жасау - "Мансап траекториясы" цифрлық платформасын енгізу - Дуальді білім беру және колледждерде өндірістік оқыту орталықтарын дамыту

дамыту жүйесінің бейімделу қасиеттерін күшейту	- Адами капиталдың бейімделу мониторингі және бағалау жүйесі
Білім беру жүйесін және кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру	- Еңбек нарығына бағдарланған білім беру бағдарламалары - Дуальды оқыту жүйесін кеңейту - Сандық платформа арқылы білім беру (EdTech) - Педагогтардың біліктілігін арттыру - Инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру және Жаңа салаларға арналған модульдік бағдарламалар енгізу
Батыс Қазақстан субаймақтарының халқын сапалы және қолжетімді медициналық қызметтермен қамтуға бағытталған денсаулық сақтау жүйесін дамыту	- Ауылдық және моноқалаларда алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК) орталықтарын ашу - Телемедицина мен қашықтан диагностиканы енгізу - Аймақтық медициналық кадр тапшылығын қысқарту - Жүрек-қан тамырлары, онкология, қант диабеті сияқты созылмалы ауруларды басқару бағдарламалары - Санитарлық авиация мен шұғыл көмек жүйесін жаңғырту
Батыс Қазақстан өңірлерінің халқының әл-ауқатын тұрақты арттыру	- Жұмыс орындарын құруға бағытталған нақты секторды қолдау - Әлеуметтік осал топтарға арналған мақсатты қолдау бағдарламалары жетілдіру - Жастардың әлеуетін дамыту бағдарламалары - Тұрғын үймен қамту және инфрақұрылымды дамыту күшейту
Интеллектуалды факторды сапалы қалыптастыру үдерістерін анықтайтын салалар мен қызмет түрлеріне шетелдік инвестициялар тартуға арналған қолайлы инвестициялық ахуалды жасау	- "Интеллектуалды кластерлер" құру және дамыту - Ғылыми-инновациялық жобаларға арналған венчурлік капитал нарығын дамыту - Трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) ғылыми бөлімшелерін Қазақстанда орналастыру - Жоғары оқу орындарын трансформациялау және шетелдік кампустар ашу - IT және инженерлік стартаптар үшін еркін экономикалық аймақтар құру
Ескерту: Авторлар құрамымен құрастырылған	

Адами капитал тұжырымын қалыптастыру мәселелері бойынша жүргізген зерттеуіміз ғылыми-эксперттік ортада ұсынылған шараларды ғана бағалап қоймай, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада жоғары сапалы адам ресурстарын қалыптастыру бойынша күш-жігерді одан әрі дамыту бойынша оңтайлы шешімдерді қабылдауға маңызды әсер етеді. Бұл шаралар экономиканың макро-, мезо- және микро деңгейлерінде бәсекелестік артықшылықтардың өсуіне бағытталғанын ескере отырып, адам капиталының тұжырымының экономикалық және әлеуметтік тиімділігін бағалағанымызды назарға ала отырып, оның ресурстарды әділ бөлу қағидаларын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды енгізуге мүмкіндік береді.

Қаржыландыру:

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы шеңберінде орындалған (грант № BR21882382)

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Тоқаев Қ.Ж. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм. Қазақстан халқына Жолдауы, 2024 жыл 1 қыркүйек [Электрондық ресурсы] — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (қарау уақыты: 02.09.2024)
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы № 2. Жарлығымен, бекітілген «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі ТҰЖЫРЫМДАМА» [Электронный ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385>
- Equitable Human Capital Is a Top Priority for Kazakhstan. PRESS RELEASE WORLD BANK, April 29, 2021 [Электронный ресурс] — URL: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/press-release/2021/04/29/equitable-human-capital-is-a-top-priority-for-kazakhstan> (дата обращения: 04.03.2025)

- 4 Human Capital Project - Kazakhstan Human Capital Index 2020. October 2020 [Электронный ресурс] https://databankfiles.worldbank.org/public/ddpext/download/hci/HCI_2pager_KAZ.pdf?cid=GGH_e_hcpexternal_en_ext (дата обращения: 19.01.2025 г.)
- 5 Егемен Қазақстан: Қоғам. Адам капиталы – басты құндылық. 2022 жыл 26 мамыр [Электрондық ресурс] <https://egemen.kz/article/313322-adam-kapitaly-%E2%80%93-basty-qundylyq> (қарау уақыты: 18.01.2025 ж.)
- 6 Тұрақты ұзақ мерзімді өсу адами капиталдың дамуымен байланысты [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aspr?lang=ru> (қарау уақыты: 07.02.2025)
- 7 Человеческий капитал: как будет повышаться качество жизни казахстанцев [Электрондық ресурс] — URL: https://www.inform.kz/ru/chelovecheskiy-kapital-kak-budet-povyshat-sya-kachestvo-zhizni-kazahstancsev_a3987909 (дата обращения: 04.03.2025)
- 8 Адами капитал даму жобасы: Дүние жүзілік банк тобының жылдық есептері, 2024 год [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.worldbank.org/en/about/annual-report/world-bank-group-downloads> (Қарау уақыты: 07.02.2025)
- 9 Что нужно для развития человеческого капитала в Казахстане [Электрондық ресурс] — URL: https://forbes.kz/news/2019/07/18/newsid_203989 (дата обращения: 04.03.2025)
- 10 Киреева А.А., Кредина А.А., Ныгметов Г.С., Нургалиева К.О. Библиометрическое исследование: влияние образования на экономический рост. Вестник КазНУ. Серия Экономическая. — 2024. — Том 1. — №147. — С. 30-43
- 11 ҚР Ұлттық Статистика Бюросы ақпараттық базасы 2022, 2023 ж.ж [Электронный ресурс] — URL: <https://stat.gov.kz/ru/>
- 12 Rysty K. Sabirova, Aiman A. Mussayeva, Ainur R. Tazhidenova, Zhanargul K. Bissembiyeva, STATE PROTECTION OF THE YOUTH LABOR MARKET IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN CONDITIONS OF UNCERTAINTY. PUBLIC POLICY AND ADMINISTRATION 2021, Т. 20, №. 5 / 2021, Vol. 20, No 5
- 13 Эксперты: борьба за человеческий капитал будет обостряться [Электронный ресурс] — URL: <https://matritca.kz/old/news/63906-eksperty-borba-za-chelovecheskiy-kapital-budet-obostryatsya.html> (дата обращения: 04.03.2025)
- 14 Романова, Е. Инвестиции в развитие человеческого капитала [Электронный ресурс] — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/investitsii-v-razvitie-chelovecheskogo-kapitala> (дата обращения: 04.03.2025)
- 15 S. Amani, M. Musakhani*, K. Daneshfard «Designing a strategic human resource management model with the approach of promoting innovation capability» Int. J. Hum. Capital Urban Manage., 6 (4): P. 497-510, Autumn 2021, International Journal of Human Capital in Urban Management (IJHUCUM)
- 16 Казахстан – страна качественной жизни и активного долголетия в пост-пандемическом мире: стратегия научно-технологического развития. Академия профилактической медицины, — 2021. — 123 с. [Электронный ресурс] — URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Almaz_Sharmam (дата обращения: 04.03.2025)

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ СИСТЕМНЫХ МЕР В УСЛОВИЯХ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА

Аннотация

В статье исследуются эффективные стратегические направления и механизмы реализации реализуемых мер по повышению качества человеческого капитала по Западному региону Казахстана и предлагаются выводы. Основная цель - определить особенности применения и эффективность системных мер, направленных на повышение качества человеческого капитала, с акцентом на взаимосвязь Казахстана с потенциалом социально-экономического развития и реального роста по Западному региону. Определение значимости использования концепции человеческого капитала как ресурса экономического развития в соответствии с целью исследования. Это позволяет показать систему конкретных прогнозных мер, анализируя основные направления важнейших системных мер в условиях формирования потенциала человеческих ресурсов. Вопрос исследования – определить роль системных мер по повышению качества человеческого капитала по регионам Западного региона Казахстана (в регионе Атырауской, Мангистауской, ЗКО и Актыбинской областей) в обеспечении социально-экономического развития и проанализировать, насколько регионы соответствуют требованиям устойчивого развития.

Повышение качества человеческого капитала - это направление, призванное содействовать людям для более масштабной и эффективной оперативной реализации с целью укрепления социальных способностей и обеспечения экономического роста. В этой связи стратегические приоритеты, отраженные в статье, объединяют ряд систематизированных мер по повышению качества человеческого капитала в Западном регионе Казахстана. В статье проведен SWOT-анализ состояния и потенциала развития концепции человеческого капитала по западным регионам Казахстана, по результатам которого определены приоритеты. Путем проведения анализа предлагается реализовать возможности формирования инновационных систем в исследовательских зонах. На этапе разработки статьи проанализировано состояние факторов формирования человеческого капитала по трем основным конкретным направлениям, определены конкретные шаги, отражающие основные стратегические направления в сфере образования, здравоохранения и социального

развития. Статья носит преимущественно теоретический характер, однако касается и практических аспектов предложенной проблемы.

Ключевые слова: человеческий капитал, концепция, инновации, микроуровень, SWOT – анализ

FEATURES OF THE USE OF SYSTEMIC MEASURES IN THE CONTEXT OF IMPROVING THE QUALITY OF HUMAN CAPITAL

Abstract

The article examines effective strategic directions and mechanisms for the implementation of ongoing measures to improve the quality of human capital in the Western region of Kazakhstan and suggests conclusions. The main goal is to determine the specifics of the application and effectiveness of systemic measures aimed at improving the quality of human capital, with an emphasis on the relationship between Kazakhstan and the potential for socio-economic development and real growth in the Western region. To determine the importance of using the concept of human capital as a resource for economic development in accordance with the purpose of the study. This enables us to present a system of specific predictive measures, analysing the primary directions of the most crucial systemic measures within the context of human resource capacity building. The purpose of the study is to determine the role of systemic measures to improve the quality of human capital in the regions of the Western region of Kazakhstan (in the Atyrau, Mangystau, West Kazakhstan region and Aktope regions) in ensuring socio-economic development and to analyze how the regions meet the requirements of sustainable development.

Improving the quality of human capital is a direction designed to help people achieve greater and more effective operational implementation to strengthen social abilities and ensure economic growth. In this regard, the strategic priorities outlined in the article encompass a range of systematic measures aimed at enhancing the quality of human capital in the Western region of Kazakhstan. The article provides a SWOT analysis of the state and development potential of the human capital concept in the Western areas of Kazakhstan, which determines the priorities. Through the analysis, it is proposed to realize the possibilities of forming innovative systems in research areas. At the stage of article development, the state of human capital formation factors is analysed in three main specific areas, where specific steps are identified that reflect the main strategic directions in the fields of education, healthcare, and social development. The article is mainly theoretical in nature, but it also concerns the practical aspects of the proposed problem.

Keywords: human capital, concept, innovation, microlevel, SWOT analysis,

REFERENCES

- 1 Toqayev Q.J. Ädiletti Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalyq ösim, qoǵamdyq optimizm. Qazaqstan halqyna Joldaýy, 2024 jyl 1 qyrküiek [Address to the people of Kazakhstan" fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism]. Qazaqstan halqyna Zholdaýy, 2024 zhyl 1 qyrkyjek. Available at: — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletty-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdaýy-285659> [in Kazakh] (accessed:02.09.2024)
- 2 Kazakhstan Respublikasy Prezidentiniñ 2013 zhylgi №1385 Zharlygimen bekitilgen «Kazakhstannyn alemnin en ddamigan 30 memleketinin katarina kirui zhonindegi tuzhyrimdama». [“CONCEPTION on Kazakhstan's entry into the top 30 most developed countries in the world”, approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 2 of 2013]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385> [in Kazakh]
- 3 Equitable Human Capital Is a Top Priority for Kazakhstan. PRESS RELEASE WORLD BANK, April 29, 2021. Available at: — URL: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/press-release/2021/04/29/equitable-human-capital-is-a-top-priority-for-kazakhstan> [in English] (accessed:04.03.2025)
- 4 Human Capital Project - Kazakhstan Human Capital Index 2020. October 2020. Available at: — URL: https://databankfiles.worldbank.org/public/ddpext/download/hci/HCI_2pager_KAZ.pdf?cid=GGH_e_hcpexternal_en_ext [in English] (accessed:19.01.2025)
- 5 Egemen Kazakhstan: Kogam. Adam kapitally basty kundilik. 26.05.2022 zh.. [Sovereign Kazakhstan: Society. Human capital is the main value]. Available at: — URL: <https://egemen.kz/article/313322-adam-kapitaly-%E2%80%93-basty-qundylyq> [in Kazakh] (accessed:18.01.2025)
- 6 Turaqty ūzaq merzimdi ösu adami kapitaldyñ damuymen bailanysty [Sustainable long-term growth is associated with the development of human capital]. Available at: — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aspr?lang=ru> [in Kazakh] (accessed:07.02.2025)
- 7 Chelovecheskiy kapital: kak budet povyshat'sya kachestvo zhizni kazahstancv [Human capital: how the quality of life of Kazakhstanis will improve]. Available at: — URL: https://www.inform.kz/ru/chelovecheskiy-kapital-kak-budet-povyshat-sya-kachestvo-zhizni-kazahstancv_a3987909 [in Russian] (accessed:04.03.2025)
- 8 Adami kapital damu zhobasy: Dynie zhyzilik bank tobynuñ zhyldyk esepteri, 2024 god [Human Capital Development Project: annual reports of the World Bank Group, 2024]. Available at: — URL: <https://www.worldbank.org/en/about/annual-report/world-bank-group-downloads> [in Kazakh] (accessed:07.02.2025)
- 9 Chto nuzhno dlya razvitiya chelovecheskogo kapitala v Kazahstane [What is needed for the development of human capital in Kazakhstan]. Available at: — URL: https://forbes.kz/news/2019/07/18/newsid_203989 [in Russian] (accessed: 04.03.2025)

- 10 Kireeva A.A., Kredina A.A., Nygmetov G.S., Nurgalieva K.O. Bibliometricheskoe issledovanie: vliyanie obrazovaniya na ekonomicheskij rost [*Bibliometric research: the impact of education on economic growth*]. Vestnik KazNU. Seriya Ekonomicheskaya. — 2024. — Tom 1. — №147. — P. 30-43. [in Russian]
- 11 QR Ұлттық Статистика Бүросы ақпараттық базасы [*Information database of the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan*]. 2022, 2023. Available at: — URL: <https://stat.gov.kz/ru/> [in Kazakh]
- 12 Rysty K. Sabirova, Aiman A. Mussayeva, Ainur R. Tazhidenova, Zhanargul K. Bissembiyeva, State protection of the youth labor market in the republic of Kazakhstan in conditions of uncertainty. Public policy and administration T. 20, Nr. 5 / 2021, Vol. 20, No 5. [in English]
- 13 Eksperty: bor'ba za chelovecheskij kapital budet obostryat'sya [*Experts: the struggle for human capital will escalate*]. Available at: — URL: <https://matritca.kz/old/news/63906-eksperty-borba-za-chelovecheskiy-kapital-budet-obostryatsya.html> [in Russian] (accessed:04.03.2025)
- 14 Romanova, E. Investicii v razvitie chelovecheskogo kapitala [*Investments in the development of human capital*]. Available at: — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/investitsii-v-razvitie-chelovecheskogo-kapitala> [in Russian] (accessed:04.03.2025)
- 15 Amani S., Musakhani M., Daneshfard K. «Designing a strategic human resource management model with the approach of promoting innovation capability» Int. J. Hum. Capital Urban Manage., 6 (4): P.497-510, Autumn 2021, International Journal of Human Capital in Urban Management (IJHCUM) [in English]
- 16 Kazakhstan – strana kachestvennoj zhizni i aktivnogo dolgoletiya v post-pandemicheskom mire: strategiya nauchno-tehnologicheskogo razvitiya. [*Kazakhstan is a country of high-quality life and active longevity in the post-pandemic world: a strategy for scientific and technological development*] Akademiya profilakticheskoy mediciny, — 2021. — 123 p. Available at: — URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Almaz_Sharman [in Russian] (accessed:04.03.2025)

Information about author:

Zhanargul Bissembiyeva – Doctoral student of the Department of Economics and entrepreneurship, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
E-mail: bisembieva.zh@mail.ru
ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5909-1515>

Rysty Sabirova – **corresponding author**, candidate of economics sciences, professor of Department of Economics, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan
E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Ainur Tazhidenova – senior teacher of the Department of Economics, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan
E-mail: ainuna-18@mail.ru
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1281-7240>

Sharbat Bissaliyeva-MBA, teacher of the Department of Economics, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan
E-mail: sh.bisaliyeva@asu.edu.kz
ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2026-7806>

Информация об авторах:

Жанаргуль Бисембиева – докторант кафедры экономики и предпринимательства, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: bisembieva.zh@mail.ru
ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5909-1515>

Рысты Сабирова – **основной автор**, кандидат экономических наук, профессор кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан
E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Айнур Тажиденова – сеньор-лектор кафедры «Экономика», Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан
E-mail: ainuna-18@mail.ru
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1281-7240>

Шарбат Бисалиева – MBA, преподаватель кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан
E-mail: sh.bisaliyeva@asu.edu.kz
ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2026-7806>

Авторлар туралы ақпарат:

Жанаргуль Бисембиева – Экономика және кәсіпкерлік кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: bisembieva.zh@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5909-1515>

Рысты Сабирова – **негізгі автор**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» кафедрасының профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Айнур Тажиденова – магистр, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ainuna-18@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1281-7240>

Шарбат Бисалиева – MBA, «Экономика» кафедрасының оқытушысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: sh.bisalieva@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2026-7806>